КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 шілде №4712-24-00-2/1791 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Бекболатов,
сот отырысының хатшысы С.Жұбан қатысуымен,
ашық сот отырысында мобильді байланыс арқылы қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ZARAFSHAN» атында әрекет етуші Аймышов Калдарбек Батырбекович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.Умурбеков,
жауапкер жеке кәсіпкер К.Аймышов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 5 қарашасында тараптар арасында №030240000329/240068/00 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты (бұдан әрі - Шарт) жасақталып, жауапкер шарттың қосымшасындағы техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС-і (бұдан әрі – Серіктестік) жеке кәсіпкер «ZARAFSHAN» атында әрекет етуші К.Б.Аймышов (бұдан әрі – Кәсіпкер) тарапынан тауар жеткізілмегенін көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын сотқа келтірді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Азаматтық іс оңайлатылған (жазбаша) тәртіпті қабылданған сот шешімінің күші жойылып қаралды.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюын қолдап, тауар жеткізілмегенін, шарт міндеттемесін орындамауына байланысты Шарт бұзылғаны туралы дәлел келтіріп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Өз кезегінде жауапкер талап қоюмен келіспей, шарт бойынша тауардың бағасы төмен көрсетілгені, техникалық ерекшеліктер дұрыс көрсетілмегені және Қытай Халық Республикасы шекарасында тауарлардың кешігіп кедендік рәсімдеуден өткізілуі туралы дәлел келтіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады. Ал, осы кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (осыдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді деген нормаларын басшылыққа алып.

Іс материалдары бойынша анықталғаны, тараптар арасында «Баға ұсыныстарын сұрату» мемлекеттік сатып алу тәсілі арқылы жасақталған Шартқа сәйкес, жауапкер 2 788 900 теңге соммасына «Алмазды тегістеу дискісі B4A2/x 50-4,5-10-5,5B 252» тауарын техникалық ерекшелікке сәйкес 100 данасын жеткізуге міндеттенген.

Шарттардың 8.1. тармағына сәйкес шарт қол қойылғанан кейін күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарттардың №1 қосымшасына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімі Серіктестіктің тапсырысы бойынша 30-күнтізбелік күн ішінде деп көрсетілген.

2024 жылғы 29 қаңтарында талап қоюшы мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы тапсырыс жолдаған, яғни тауар 2024 жылдың 28 ақпанынан кешіктірмей жеткізілуі тиіс.

Жауапкер тарапынан өз міндеттемелері тиісті түрде орындалмаған, тауар жеткізілмегені, осыған байланысты Шарт 2024 жылғы 24 мамырда тапсырыс берушімен біржақты тәртіпте бұзылғаны анықталды.

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 11.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Бекболатов А. Т., 10.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің тауар бағасы өте төмен көрсетілді деген уәждерін негізсіз деп табады, себебі 2 848 340 теңге бөлінге сатып алу бойынша 2 788 900 теңге баға ұсынысы білдіріп, жеңімпаз болып табылуына байланысты шарт жасақталған.

Сонымен қатар техникалық ерекшеліктте тауардың сипаттамасы дұрыс көрсетілмеді деген уәждерін негізсіз деп табабы, себебі Шарттың 11.1. тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушініңҚазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде, яғни 2024 жылдың 19 наурызда талап қоюын сотқа табысталған.

АПК-нің 72 және 73 баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Жауапкер тарапынан сотқа талапкердің талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкермен тауарды жеткізілмегені, яғни шарт бойынша міндеттемесін орындалмағанын негізге алып, талап қою қанағаттандыруға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 17-бабының талаптарына сай, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж салығы және сотқа шақыру шығындары өндірілуге жатады

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы – қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 11.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Бекболатов А. Т., 10.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Дара кәсіпкер «ZARAFSHAN» атында әрекет етуші Аймышов Калдарбек Батырбекович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ZARAFSHAN» атында әрекет етуші Аймышов Калдарбек Батырбековичтен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарына сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шағым және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 11.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Бекболатов А. Т., 10.10.2024

4712-24-3-6/177